

**Қалалық рельстік көліктің көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 4 желтоқсандағы № 1310 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 тамыздағы № 624 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.08.2015 № 624 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

Осы қаулы 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 49 бұйрығын қараңыз.

«Қазақстан Республикасындағы көлік туралы» 1994 жылғы 21 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Заңының 15-1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қалалық рельстік көліктегі көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

*С. Ахметов*

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2013

жылғы

4

желтоқсандағы

№ 1310

қаулысымен

бекітілген

**Қалалық рельстік көліктің көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу қағидалары**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Қалалық рельстік көліктің көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасындағы көлік туралы» 1994 жылғы 21 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Заңының 15-1-бабына сәйкес әзірленген және қалалық рельстік көліктің көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу тәртібін айқындайды.

2. Қазақстан Республикасында қалалық рельстік көліктің көлік құралдарын мемлекеттік тіркеуді облыстық маңызы бар қалалардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі - жергілікті атқарушы органдар) жүргізеді.

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) қалалық рельстік көлік – қала және қала маңындағы аймақ шекараларында рельстермен жолаушыларды тасымалдауға арналған көлік түрі (метрополитен, трамвай, жеңілрельстік, монорельстік көлік);

2) метрополитен – көліктің өзге түрлерінің желілерінен және жаяу жүргіншілердің оларға өту жолынан оқшауланған (бөлінген, бір деңгейдегі қиылыстары жоқ) жолдар бойынша жолаушылар мен бағажды әлеуметтік маңызы бар тұрақты тасымалдауды жүзеге асыратын қалалық рельстік көлік түрі ;

3) трамвай – қала шекарасында берілген маршруттар бойынша жолаушыларды тасымалдауға арналған қалалық рельстік көлік түрі;

4) жеңілрельстік көлік – қатынау жылдамдығы мен өткізу қабілеті теміржол мен метрополитенге қарағанда төмен және трамвайға қарағанда жоғары қалалық р е л ь с т і к к ө л і к т ү р і ;

5) монорельстік көлік – бір рельстік жолмен қозғалуға арналған қалалық р е л ь с т і к к ө л і к т ү р і ;

6) тізілім – Қазақстан Республикасында тіркелген қалалық рельстік көліктің көлік құралдары туралы ақпаратты қамтитын дерек қоры.

4. Қалалық рельстік көліктің көлік құралдары Қазақстан Республикасының резидент еместері Қазақстан Республикасының аумағына жөндеу үшін уақытша әкелген жағдайда тіркелуге жатпайды.

## **2. Қалалық рельстік көліктің көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу тәртібі**

5. Қалалық рельстік көліктің көлік құралдарын мемлекеттік тіркеуді жергілікті атқарушы органдар :

1) егер өтініш беруші заңды тұлға болып табылатын жағдайда, заңды тұлға тіркелген жер бойынша ;

2) егер өтініш беруші жеке тұлға, оның ішінде дара кәсіпкер болып

табылатын жағдайда, салық төлеуші ретінде тіркелген жер бойынша жүзеге асырады.

6. Жеке және заңды тұлғалар жергілікті атқарушы органдарының кеңсесіне осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қалалық рельстік көліктің көлік құралдарын мемлекеттік тіркеуге арналған өтінішті:

1) мемлекеттік тіркеуге жататын, заңды тұлға басшысының қолымен және мөрімен расталған не сенім білдірілген адам растаған қалалық рельстік көліктің көлік құралдарының тізбесін;

2) заңды тұлға үшін – заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің\* немесе анықтаманың көшірмесін (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасын ұсына отырып).

Ескертпе: \*«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейінгі берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады;

3) жеке тұлға үшін жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасын ұсына отырып);

4) меншік құқығын растайтын құжаттың көшірмесін (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасын ұсына отырып);

5) әзірлеуші зауыттың қалалық рельстік көліктің көлік құралдарының әрбір бірлігіне арналған техникалық паспорттың көшірмесін (формуляр) (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасын ұсына отырып);

6) басшының жеке басын куәландыратын құжаттың немесе өкілдің өкілеттігін растайтын құжаттың көшірмесін және оның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасын ұсына отырып);

7) тіркеу алымының төленгенін растайтын құжатты;

8) қалалық рельстік көліктің көлік құралдарына тыйым салынбағаны туралы құжатты қоса беріп ұсынады.

7. Жергілікті атқарушы органдар өтініш берушінің құжаттарын алған сәттен бастап осы Қағидалардың 6-тармағының талаптарына сәйкес ұсынылған құжаттардың толық болуын тексереді. Ұсынылған құжаттар толық болмаған жағдайда жергілікті атқарушы органдары өтінішті қабылдаудан бас тартады.

8. Жергілікті атқарушы органдар құжаттарды қабылдау кезінде өтініш берушіге осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат береді.

9. Қалалық рельстік көліктің көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу туралы

өтінішті жергілікті атқарушы органдар өтініш берілген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде қарайды.

Қаралған өтініштердің қорытындысы бойынша жергілікті атқарушы орган қалалық рельстік көліктің көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік береді.

10. Қалалық рельстік көліктің көлік құралдарын мемлекеттік тіркегені және оның телнұсқасын бергені үшін алым «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) айқындалатын тәртіппен және мөлшерде алынады.

11. Өтініш беруші ұсынған құжаттар Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген тізбеге сәйкес келген кезде жергілікті атқарушы органдар лауазымды тұлғасының қолы бар қалалық рельстік көліктің көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік дайындалады.

12. Осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қалалық рельстік көліктің көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік қатаң есептілік құжаты болып табылады, оның есептік сериясы мен нөмірі болады, қалалық рельстік көліктің көлік құралдарының әрбір тіркелетін бірлігіне беріледі.

13. Мемлекеттік тіркеуден өткен қалалық рельстік көліктің көлік құралдары осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қалалық рельстік көліктің көлік құралдары тізіліміне (бұдан әрі – тізілім) енгізілуге жатады.

14. Мүлікті жалға алу (жалдау, сату), лизинг, мүлікті сенімгерлік басқару шартын жасасқан жағдайларда қалалық рельстік көліктің көлік құралдарының иесі бұл туралы жергілікті атқарушы органдарын өтініш нысанында (өтініш нысаны еркін) хабардар етеді.

Жергілікті атқарушы органдар аталған мәліметтерді тізілімге енгізеді.

15. Жергілікті атқарушы органдар:

1) көлік құралдарының техникалық паспорты мемлекеттік тіркеуге жататын қалалық рельстік көліктің көлік құралдарының тізбесінде көрсетілген деректерге сәйкес келмеген;

2) сот қабылдаған шешімге сәйкес қалалық рельстік көліктің көлік құралдарына тыйым салынған жағдайларда, өтініш келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей қалалық рельстік көліктің көлік құралдарын мемлекеттік тіркеуден бас тартады және жазбаша түрде дәлелді бас тарту ұсынады.

16. Қалалық рельстік көліктің көлік құралдары:

1) қалалық рельстік көліктің көлік құралдары есептен шығарылған, ол қалпына келмейтіндей зақымданған;

2) қалалық рельстік көліктің көлік құралдарын кейіннен Қазақстан Республикасының шегінен тыс пайдалану үшін әкете отырып, иеліктен айыру

жағдайларында тізілімнен шығарылады.

17. Қалалық рельстік көліктің көлік құралдары тізілімнен шығарылған кезде меншік иесі немесе оған теңестірілген адам жергілікті атқарушы органдарына мыналарды :

1) қалалық рельстік көліктің көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктері ;

2) қалалық рельстік көліктің көлік құралдарын есептен шығару туралы не зақымдануы, Қазақстан Республикасының шегінен тыс пайдалану үшін әкете отырып сату туралы актіні қоса беріп, еркін нысандағы өтінішті ұсынады.

18. Жергілікті атқарушы органдар тізілімге қалалық рельстік көліктің көлік құралдарын пайдалану жөніндегі қызметтің тоқтатылғаны туралы мәліметтерді енгізеді .

19. Жеке не заңды тұлғаға тиесілі, бұдан бұрын берілген қалалық рельстік көліктің көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік бүлінген не жоғалған жағдайларда қалалық рельстік көліктің көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің телнұсқасын беру туралы өтініш келіп түскен сәттен бастап күнтізбелік 5 күн ішінде қалалық рельстік көліктің көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің телнұсқасы беріледі.

Қалалық рельстік көліктің  
көлік құралдарын мемлекеттік  
тіркеу қағидаларына  
1-қосымша

-----  
-----  
(облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органының атауы)

## Өтініш

\_\_\_\_\_ құқығында тиесілі  
(меншік, мүліктік жалдау, жалға алу немесе лизинг)  
саны \_\_\_\_\_ бірлік қалалық рельстік көліктің көлік құралдарын тіркеуді  
сұраймын .

Мекенжайы :

\_\_\_\_\_ қ. \_\_\_\_\_ к-сі.

СТН (ЖСН, БСН): \_\_\_\_\_

байланыс телефондары (факс) \_\_\_\_\_.

Тізбе \_\_\_\_\_ парақта қоса беріледі.

Өтініш беруші \_\_\_\_\_ / \_\_\_\_\_

(жеке тұлғаның не заңды (Т.А.Ә.)

тұлға басшысының қолы)

М . О .

(заңды тұлға және дара кәсіпкер үшін)

Қалалық рельстік көліктің  
көлік құралдарын мемлекеттік  
тіркеу қағидаларына  
2-қосымша

(облыстық маңызы бар қалалардың  
жергілікті атқарушы органының атауы)

**Қалалық рельстік көліктің көлік құралдарын тіркеу туралы өтініші  
бойынша құжаттарды алғаны жөніндегі**

20\_\_ ж. «\_\_» \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_

**ҚОЛХАТ**

уақыты: \_\_\_\_\_ сағат \_\_\_\_\_ мин.

Қабылданған құжаттар тізбесі: (құжаттың атауы, сериясы, нөмірі,  
қ а ш а н ж ә н е к і м б е р д і )

1. \_\_\_\_\_

Қабылдады: \_\_\_\_\_

өтінішті қабылдаған адамның Т.А.Ә. және қолы

Өтінішті орындау күні 20\_\_ ж. «\_\_» \_\_\_\_\_

(облыстық маңызы бар қалалардың  
жергілікті атқарушы органының атауы)

**Қалалық рельстік көліктің көлік құралдарын тіркеу туралы өтініші  
бойынша құжаттарды алғаны жөніндегі**

20\_\_ ж. «\_\_» \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_

**ҚОЛХАТ**

уақыты: \_\_\_\_\_ сағат \_\_\_\_\_ мин.

Қабылданған құжаттар тізбесі: (құжаттың атауы, сериясы, нөмірі,  
қ а ш а н ж ә н е к і м б е р д і )

1. \_\_\_\_\_

Қабылдады: \_\_\_\_\_

өтінішті қабылдаған адамның Т.А.Ә. және қолы

Өтінішті орындау күні 20\_\_ ж. «\_\_» \_\_\_\_\_

Қалалық рельстік көліктің  
көлік құралдарын мемлекеттік  
тіркеу қағидаларына  
3-қосымша

-----  
-----  
(облыстық маңызы бар қалалардың  
жергілікті атқарушы органының атауы)

**Қалалық рельстік көліктің көлік құралдарын мемлекеттік  
тіркеу туралы  
КУӘЛК**

Осы куәлік «Қазақстан Республикасындағы көлік туралы» 1994  
жылғы 21 қыркүйектегі № 156 Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес

-----  
(қалалық рельстік көліктің көлік құралдарына құқықтар көрсетілсін)  
қ ұ қ ы ғ ы н д а ғ ы

-----  
(иесінің толық атауы, Т.А.Ә.)  
б е р і л д і және

-----  
қалалық рельстік көліктің көлік құралдарының мемлекеттік тіркелгенін  
р а с т а й д ы .

Зауыттық нөмірі \_\_\_\_\_

мүкәммалдық нөмірі \_\_\_\_\_

секциясы \_\_\_\_\_

жасалған жылы \_\_\_\_\_

Осы куәлік Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық  
жағдайларда қолданылады және қалалық рельстік көліктің көлік  
құралының иесін куәландыратын құжатпен бірге көрсетіледі, ондағы  
келтірілген мәліметтер өзгерген жағдайда ауыстырылуға тиіс.

Берілген күні 20\_\_ ж. «\_\_» \_\_\_\_\_

М . О .

Уәкілетті органның лауазымды адамы \_\_\_\_\_

қолы, Т.А.Ә.

Қалалық рельстік көліктің  
көлік құралдарын мемлекеттік  
тіркеу қағидаларына  
4-қосымша

### Қалалық рельстік көліктің көлік құралдарының тізілімі

Әкімдік	Қуәлік №	Берілген күні	Меншік иесі	Меншік түрі	Жалға алушы	Жалға алу мерзімі	Қатынау маршр
1	2	3	4	5	6	7	8
Жасалған күні	Нормативтік қызмет ету мерзімі	Нақты қызмет ету мерзімі	Соңғы жөндеу күні	Келесі жөндеу күні	Техникалық жай-күйі		Тіркелг депосы
					жарамды	есептен шығарылған	
9	10	11	12	13	14	15	16

Басшы \_\_\_\_\_ / \_\_\_\_\_ /

(қолы) (Т.А.Ә.)

М . О .

(заңды тұлға және жеке кәсіпкер үшін)